

«№25 орта мектеп» КММ педагогикалық кеңесінің №2 хаттамасы

31 қазан 2025 жыл

Қатысқандар: 96

Тақырыбы: «Білім сапасы - мектеп тиімділігінің көрсеткіші»

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық кеңестің №1 отырысының шешімдерінің орындалуы
(Киянов А.О)
2. 2025-2026 оқу жылының I тоқсан қорытындысына талдау
(Хусман Р, Тұрдаш А.Ж)
3. Мектеп өмірінің жаңа кезеңі: 1 және 5,10 сыныптардың бейімделу кезеңінде жаңа тақырыптарды меңгерудегі қиындықтарды анықтау. (Габдуллина К.М)
4. «Адал азамат-біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы және ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытындағы жұмыстар (Канапина Б.С)
5. «Қазақ әдебиетін оқытуда цифрлық сторителлинг әдісі» авторлық бағдарламаның таныстырылымы (Әділбек А.Б)
6. Әлеуметтік педагог жұмысының орындалуы (Ақылжан А)
7. Құқық бұзушылықтың алдын- алу жұмысы (Котиев Е.М)
8. Мектеп парламент жұмысының жүргізілуі (Әбдімажит Н.Б)
9. АСППМ жайлы мағлұмат беру (Габдуллина К.М)
10. Ұжымдық келісім шартпен таныстыру (Габдуллина Э.А)

1. Тыңдалды: 1.Педагогикалық кеңестің №1 отырысының шешімдерінің орындалуы.

Сөйледі: Киянов А.О

Педагогикалық кеңестің №1 отырысының шешімдерінің орындалғанын айтты.

2. Тыңдалды: 2. 2025-2026 оқу жылының I тоқсан қорытындысына талдау.

Сөйледі: Хусман Р

2025-2026 оқу жылындағы I тоқсанда бастауыш сыныптар бойынша 18 сынып оқытылды. I тоқсан бойынша 1-4 сыныпта барлығы 354 оқушы, оның бірінші сыныптар бойынша 107 оқушы мақтап мадақталады, бірақ жыл бойына бағаланбайды. Қорытындыланған 354 оқушы 354 оқушының үздігі - 54 оқушы, жақсы - 175, орташа - 125 оқушы. Оқу үлгерімдері 1-4 сыныптарда 64, 69% сапа көрсетті. Әр параллель бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен сыныптарды атап өтті. 2 “F” сыныбында I тоқсанда 52,17%, сынып жетекшісі: Умирзахова К.Н және 2 “Ә” сыныбында 59, 09%, сынып жетекшісі: Рыскулова Г.С. Сонымен қатар ең жоғары білім сапасын көрсеткен сыныптарды атады: 2 “А” - 79,17 %, 2 “Б” - 76,92%. I тоқсан бойынша 2-ші сыныптарда білім сапасы - 67, 37%. Үшінші

сыныптар бойынша атап өтті. 50% төмен көрсеткіш жоқ. 3 “А” - 62,96%, 3 “Б” - 60,87%, 3 “Ә” - 58,06%, 3 “Ғ” - 58,62%. І тоқсан бойынша 3-ші сыныптарда білім сапасы - 60 %.

Төртінші сыныптар арасында ең төменгі көрсеткішті 4 “Ә” - 56,52% және 4 “Б” - 58,62% көрсетті. Ең жоғары көрсеткіштер: 4 “А” - 78,57%, 4 “В” - 76%, 4 “Ғ” - 66, 67%, 4 “Д” - 60%. І тоқсан бойынша 4-ші сыныптарда білім сапасы - 66,44 %.

Сөйледі: Тұрдаш А.Ж

2025-2026 оқу жылындағы І тоқсан бойынша оқушылардың оқу үлгерімі туралы жалпы қорытындымен таныстырды. 2025-2026 оқу жылының І тоқсанында 1276 оқушы аяқтады. 52 сынып (оның ішінде 25 сынып мемлекеттік тілде, 27 сынып орыс тілінде білім алады). Мектепте 3 әскери кадет сыныптары бар. Оның екеуі (8ә, 9ә) - қазақ тілінде, біреуі (9в) - орыс тілінде білім алады. І тоқсанда 1276 оқушы аттестатталды. І тоқсан бойынша білім сапасы - 56,62%, үлгермеушілер жоқ. Мектеп бойынша жалпы үлгерім - 100%.

1-4 сыныптарда білім сапасы - 64, 69%

5-9 сыныптарда білім сапасы - 50%

10-11 сыныптарда білім сапасы - 70%

5-7 сыныптар бойынша

5-сынып - 137 оқушы, білім сапасы - 44,53%.

6-сынып - 124 оқушы, білім сапасы - 52,42%.

7-сынып - 150 оқушы, білім сапасы - 54%.

Кадет сыныптарының білім сапасы туралы мәлімет берді. Жалпы мектеп бойынша білім сапасынан жоғары көрсеткіш көрсеткен сыныптарды атады.

Бастауыш сыныптардың бәрі, 6 “А” - 57%, 6 “Ғ” - 59%, 7 “Ә” - 60%, 7 “Ғ” - 68%, 8 “А” - 57%, 10 “А” - 86%, 10 “Б” - 68%, 10 “Ғ” - 62%, 11 “А”, 11 “Б” - 58%, 11 “Ә” - 66%, 11 “Ғ” - 60%.

50% төмен білім сапасын көрсеткен сыныптарды атап өтті: 5 “А” - 46%, 5 “Б” - 44%, 7 “А” - 48%, 7 “Б” - 47%, 7 “В” - 44%, 8 “Д” - 46%, 9 “А”, 9 “Б” - 44%, 9 “В” - 43%, 9 “Ғ” - 45%. Ең төменгі көрсеткіш көрсеткен сыныптар:

5 “В” - 40%, 5 “Ғ” - 41%, 6 “Б” - 40%.

Резерв оқушылар жайлы мәлімет берді, келесі тоқсанда жұмыс жүргізілу жайында ескертті.

Білім сапасы тұрақсыз сыныптарға көңіл бөлу қажеттігін ескертті, сонымен қатар бірнеше ұсыныстарын жеткізді:

1. Директордың орынбасарларына мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес сабаққа қатысуды жалғастырсын,
2. Төмен білім сапасын көрсеткен сыныптардың оқушыларымен білімде жіберген олқылықтардың орнын қайта келтіру үшін жекелеген оқушылармен жұмыс жүргізсін,
3. Пән мұғалімдер мен сынып жетекшілерге білім сапасын арттыруды қатаң бақылауға алынсын.

Қаулы етті: 2025-2026 оқу жылының І тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп табылып, мектепшілік бақылауға сәйкес төмен білім сапасын көрсеткен сыныптармен жұмыс қатаң бақылауға алынсын (5 А,Б, В, 5Ғ, 6Б, 7 А, Б, В, 8 Д, 9 А,Б, В, 9 Ғ).

3.Тыңдалды: 3. Мектеп өмірінің жаңа кезеңі: 1 және 5,10 сыныптардың бейімделу кезеңінде жаңа тақырыптарды меңгерудегі қиындықтарды анықтау.

Сөйледі: Габдуллина К.М

1 және 5,10 сыныптардың бейімделу кезеңінде жаңа тақырыптарды меңгерудегі қиындықтары туралы анықтама берді. 1-сыныптарда – ойын әрекетінен оқу әрекетіне көшу. Негізгі қиындықтар – зейіннің тұрақсыздығы, тез шаршау және оқуға деген мотивацияның жеткіліксіздігі туралы айтты. Ал, 5-сыныптарда – пәндердің көбеюі, әр пәнге жеке мұғалімдердің болуы, жаңа талаптар мен бағалау жүйесі. Бұл кезеңде көбіне үлгерімнің төмендеуі және эмоционалды күйзеліс байқалатындығын көрсетті. 10-сыныптарда – оқу жүктемесінің артуы, бейіндік пәндерге көңіл бөлу, болашақ мамандықты таңдау мәселесі жөнінде атап айтты. Негізгі қиындықтарға: жаңа тақырыптарды түсінуде және меңгеруде кездесетін қиындықтар; оқу мотивациясының төмендеуі; өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларының қалыптаспауы; өзгерістерге психологиялық тұрғыдан дайын емес екендігін жатқызды. Біздің мектепте бейімделу кезеңінде арнайы диагностикалық жұмыстар жүргізілгендігін, нәтижесінде келесі тенденциялар байқалғандығын көрсетті:

1-сынып оқушыларының 20%-ы жаңа оқу режиміне толық бейімделмеген;

5-сынып оқушыларының 30%-ы пәндердің көптігі мен тапсырмалардың көлемінен қиындық көреді;

10-сынып оқушыларының 25%-ында оқу мотивациясы мен өзіндік жоспарлау қабілеттері жеткіліксіз деңгейде.

Қаулы етті: 1 және 5,10 сыныптардың бейімделу кезеңінде жаңа тақырыптарды меңгерудегі анықталған қиындықтар жою жолдары қарастырылсын.

4.Тыңдалды. 4. «Адал азамат-біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы және ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытындағы жұмыстар.

Сөйледі: Канапина Б.С

“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасының бағыттары бойынша жылдық, айлық, апталық, күнделікті жұмыстарымен толық таныстырып өтті. Әр айдың құндылықтарын тоқталып өтті. Әр айдың іс-шаралары туралы ақпарат берді. Қолайлы білім беру ортасын құру және оның білім алушының мінез-құлқына әсері туралы айтып өтті және педагогтерге ұсынысын жеткізді.

Қаулы етті: «Адал азамат-біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы және ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытындағы жұмыстар одан әрі жалғасын тапсын.

5. Тыңдалды: 5. «Қазақ әдебиетін оқытуда цифрлық сторителлинг әдісі» авторлық бағдарламаның таныстырылымы.

Сөйледі: Әділбек А.Б

Қазақ әдебиетін оқытуда цифрлық сторителлинг - заманауи білім беруде әдеби мұраны цифрлық технологиялармен сүйемелдеу – оқушылардың сыни ойлауын, шығармашылығын және ХХІ ғасыр дағдыларын дамытудың тиімді жолы екендігін таныстырды. Бағдарламаның басты мақсаты: қазақ әдебиетінің классикалық және қазіргі шығармаларын меңгеру; әдеби мәтіндерді талдау және оқиғалар мен кейіпкерлерге өзіндік бағалау; мультимедиялық құралдарды тиімді пайдалану және цифрлық өнім жасау; әдеби шығармаларды жаңа форматта қайта баяндау және өзіндік интерпретация құрастыру екендігін айтты. Бағдарламаның өзектілігі және жаңашылдығын атап көрсетті. Оқу мазмұны төрт ірі бөлімнен, сабақ құрылымы үш кезеңнен тұратындығын атап айтты.

Қаулы етті: «Қазақ әдебиетін оқытуда цифрлық сторителлинг әдісі» авторлық бағдарламасы мектеп мұғалімдерімен жұмысы бөліссін. Педагогтің авторлық әзірлемесі қалалық оқу-әдістемелік сараптамалық кеңеске ұсынылсын.

6. Тыңдалды: 6. Әлеуметтік педагог жұмысының орындалуы.

Сөйледі: Ақылжан А

Қазан айы бойынша аз қамтылған 5-9 және 10-11 сынып оқушыларының тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету есебін берді. Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар АБК бойынша өтуін қамтамасыз етуін сынып жетекшілерден сұрады. Әсіресе бастауыш сынып жетекшілері қатаң қадағалауын өтінді, АБК бойынша талон саны және табель бойынша оқушы саны сәйкес келмейтіндігін айтты. Сыныптың әлеуметтік паспорты жөнінде ескертті.

Қаулы етті: Әлеуметтік педагог жұмысының орындалуы жалғасын тапсын.

7. Тыңдалды: 7. Құқық бұзушылықтың алдын- алу жұмысы

Сөйледі: Котиев Е.М

Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп жатқандығын айтты. Мақсаты мен міндетімен таныстырды. Қызмет бағыттары туралы айтты. 8-11 сыныптар оқушыларына 12 қыркүйек күні кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың алдын алу тақырыбында дәріс оқылды. 2025-2026 оқу жылында мектепте қалалық есепте тұрған оқушы жоқ. Мектепшілік есепте 2 оқушы тұрғандығын айтты. Сабақтан соң оқушылардың үйлеріне қайтуын сынып жетекшілердің қадағалауын ескертті. Ата-аналардың жауапкершілігін қолға алуын ескертті. Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы әңгіме жүргізуін талап етті.

Қаулы етті: Қиын балалармен жүргізілетін жұмыс күшейтілсін.

8. Тыңдалды: 8. Мектеп парламент жұмысының жүргізілуі.

Сөйледі: Әбдімажит Н.Б

17 қазан күні мектеп президентінің сайлауы өтті. Президенттік сайлау нәтижесі бойынша Байкова Аделина 10 “Б” - 77 ұпаймен мектеп президентіне сайланды. Парламент құрылымы «Білім» фракциясы, «Мәдениет және өнер», «Спорт және салуатты өмір салты», «Экология және волонтерлік», «Ақпарат және медиа», «Дисциплина және тәртіп» атты бөлімдерден тұратындығын атап көрсетті. Осы құрылым бойынша мектеп парламенті өз жұмысын атқарып жатқандығын айтты.

Қаулы етті: Мектеп парламент жұмысының жүргізілуі бақылауға алынсын.

9. Тыңдалды: 9. АСППМ жайлы мағлұмат беру.

Сөйледі: Габдуллина К.М

АСППМ жүйесіне кірудің қадамдарын түсіндірді. Әр педагогтің логин және құпия сөзі болатындығын ескертті. Сонымен қатар сол жүйеге кіре алмаса көмекке жүгінуін айтты. Бұл жүйеде әлеуметтік паспорт 100% толтырылуы керектігін жеткізді, толтырылмаған жағдайда ақпараттың жеткіліксіз болатындығын хабардар етті. Оқушы қатысатын үйірмелерді де толтыруын сұрады.

Қаулы етті: АСППМ жайлы мағлұмат сынып жетекшілерімен бірлесіп жүзеге асырылсын.

10.Тыңдалды: 10. Ұжымдық келісім шартпен таныстыру.

Сөйледі: Габдуллина Э.А

Ұжымды ұжымдық келісім шартпен таныстырды және мақсатын айтты. Алдыңғы келісім шартпен салыстырғанда бірнеше өзгерістер бар екендігін ескертті. 1. Еңбекақы, 2. Әлеуметтік кепілдіктер, 3. Біліктілікті арттыру, 4. Еңбекті қорғау, 5. Кәсіподақтың рөлі. 2022-2024 жылдарында атқарылған жұмыстар туралы баяндады. 2025-2027 жылында қандай жұмыс жүргізілетіндігі туралы айтты.

Қаулы етті: Ұжым ұжымдық келісім шартпен танысып, ұжыммен келісілсін.

Төраға:

А.О.Киянов

Хатшы:

Э.Қ. Еркін